

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі 7 А сыныбының

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жылдық есебі.

2022-2023 оқу жылының басында 7 А сыныбында 9 оқушы, 1 ұл бала, 8 қыз бала. 2022-2023 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты. Оқу жылының басында мақсат, міндеттер айқындалды. Ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Ата-аналар комитеттері сайланды. Сонымен қатар тәрбиелік іс-шараларға бақылау басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексеріліп, бекітілді. Мектебіміз бойынша жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізілуде. Акция кезінде аз қамтылған отбасылар, көпбалалы отбасылар, сондай-ақ жетім балалар отбасы қарастырылды.

Жыл басын «Алғашқы қоңырау» салтанатты 1 қыркүйек Білім күніне арналыш мектебімізде «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында салтанатты сап түзеу өткізілді.

14 желтоқсан 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік таңы атқан күн!" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақты туған жерін, Отанын сүйуге, егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеп, қастерлеуге, туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай, еске алып отыруға, ата-бабаларымыздың қаны тамған жерді қорғай білуге, мұра боп қалған дәстүр, өнеге-салтымызды, ана тілімізді сүйіп, оны сақтай білуге тәрбиелеу.

Оқушыларға қазақ халқының өзіндік тарихы, мәдениеті, рәміздері бар. Тәуелсіз ел екенін түсіндіріп, ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу. Аңсап халық көп күткен Егеменді ел болдық Көңіл - күйі тоқ жұртпен Тереземіз тең болдық. Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалды

Мектебімізде Жаңа жыл мерекесіне арналған барлық сыныптарға іс-шаралар ұйымдастырылды 28 желтоқсан күні сағат 18:00, 5-9 сыныптар арасында «Қош келдің жаңа жыл – жаңа жыр!» атты ертеңгілігі өтті, жауапты: Калбаева Г.Д.

Тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары өз уақытында өткізіліп отырылды. Онда «Таза әлем», «Салауатты ұрпақ тәуелсіздік тірегі», «Алақай жаз!» жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі, және т.б мәселелер талқыланып отырды. Жазғы демалыста өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды.